

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Нұр-Сұлтан қ.

№1258-ГВМУ

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "47558 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі, 2019ж. 14.01. № 36/365 сенімхаты негізінде әрекет ететін Басшысының орынбасары Аяпергенов Адамат Нигаметович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "INKAR" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде әрекет ететін Бас директор Еримбетова Алия Джайдаковна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және «2019-09-26» жыл № 3651479-ЗЦП1 «Бағалы ұсыныныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді: ерекшелігі бойынша 008--142 Дәрілік заттар сатып алу;

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарлар тізімі (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 72 710 200.00 (жетпіс екі миллион жеті жүз он мың екі жүз тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт 008 Қарулы Күштерді медициналық қамтамасыз ету бюджеттік бағдарламасы, 142 Дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы өзге де бұйымдарды сатып алу ерекшелігі бойынша - 72 710 200.00 (жетпіс екі миллион жеті жүз он мың екі жүз тенге нөл тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2019 жылы тіркеуге жатады.

2.3 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.4 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада



келтірілген.

2.5 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;
- 2) жүкқұжат
- 3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);
- 4) Қағидаларға 22-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі бойынша есеп (шарттық міндеттемелер толық орындалғаннан кейін ұсынылады);
- 5) Өнім беруші Тапсырыс берушіге берген, жеткізілген тауарлардың сипаттамасымен, санын, бірлік бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, шот-фактура;
- 6) Тапсырыс беруші қойылған талап бойынша даулы мәселелер болмаған жағдайда Шарттың 7.3. тармағымен қарастырылған тұрақсыздық сомасын алып тастай отырып соңғы төлемді жүргізуге құқылы;
- 7) Шарттың 2.2. тармағымен қарастырылған төлемді Тапсырыс беруші бюджеттік қаражаттың бөліну шаралары арқылы жүргізеді.
- 8) Төлем жүргізуді 20 (жиырма) банктік күннен артық кешіктіру жеткізілетін Жұмыстың уақытына және сапасына әсер етпейді;
- 9) салыстыру актілері
- 10) Қосымша: -Жеткізілген Тауардың көлемі Қапшағай қ. ҚР ҚМ "64192 әскери бөлімі" РММ-мен Тапсырыс берушінің өкілі ретінде қабылданады (одан әрі - Қабылдаушы); - Тауарды қабылдау актісіне Өнім беруші мен Қабылдаушының арасында қол қойылады;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт жасасқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 2 181 306.00 ((екі миллион жүз сексен бір мың үш жүз алты тенге нөл тиын)) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 2 181 306.00 теңгеге тең 3 пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

мемлекеттік сатып алу веб-порталына (бұдан әрі - веб-портал) растайтын құжаттың көшірмесін орналастыра отырып, "ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ, № ККМФКЗ2А , КЗ780705012080349001 БСК Тапсырыс берушінің банк шотына кепілдікті ақшалай жарна банк шотына кепілдікті ақшалай жарна;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 22-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып



табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдау-беру актісін ресімдеуге және Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы жіберуге

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

11) Тауарларды, қызметтерді және жұмыстарды жеткізу (көрсету, атқару) кезінде мәлім болған қызметтік және басқа ақпаратты жария етпеуге, Жеткізушіден немесе оның қызметкерлерінен бөгде тұлғалармен көрсетілген ақпаратты алуға әрекет жасаған жағдайда ол туралы әскери бөлімнің (мекеменің) басшылығына тез арада хабарлауға.

12) Өнім беруші нақты, заңды мекенжайының және банкілік реквизиттерінің өзгеруі туралы 3 (үш) жұмыс күні ішінде факсимильді байланыс арқылы, алдағы уақытта хаттың түпнұсқасын жолдау арқылы Тапсырыс берушіне хабарландыруға;

13) Қабылдаушыны Тауарды жеткізуге 10 (он) жұмыс күн қалғанда тауардың жеткізілуі жоспарланған мерзімі туралы хабарландыруға.

14) Тауарды жеткізуді жоспарлау кезінде жеке куәліктің көшірмесі қосылған азаматтардың (жекiзушi өкiлдерi) тізімін қосып әскери бөлім (мекеме) басшылығына хабар етуге;

15) Тауарды жеткізу үшін автокөлікті пайдалануды жоспарлау кезінде рұқсат қағазын алу үшін әскери бөлім (мекеме) аймағына кіруге жоспарланатын автокөлік (техникалық төлқұжаттың көшірмесі және т.б.), жүргізушінің және басқа тұлғалардың Т.А.Ә. (жеке куәліктің көшірмесі) бойынша ақпаратты ұсынып алдын ала әскери бөлім (мекеме) басшылығына хабарлап қоюға. Әскери бөлім (мекеме) аймағына кіргенде (шыққанда) жүргізуші бекітілген үлгідегі рұқсат



қағазын алуға және қарау жүргізу үшін автокөлікті беруге міндетті;

16) Іс жүзінде Тауарды жеткізу кезінде Өнім беруші тауардың шыққан орнын және сапасын растайтын құжаттарды (техникалық ерекшеліктердің талаптарына сәйкес) ұсынуы қажет.

17) Қабылдаушыға жеткізілген Тауарларды қабылдауды растайтын Шарттың 2.4 т. көрсетілген құжаттарды әрі қарай төлем жасау үшін Тапсырыс берушіге жіберу үшін уақтылы ұсынуға;

18) Осы шарттың талаптарын орындау мақсатында өз бетінше шикізатты, ыдысты, көлікті сатып алуға және шартты орындаумен байланысты басқа да қызметтерді жүргізуге;

19) Тауарды жеткізуге шет ел азаматтарын қатыстыру қажеттілігі кезінде белгіленген тәртіпте рұқсаттама алу үшін алдын ала (15 тәуліктен кем емес) әскери бөлім (мекеме) басшылығын хабарлап қоюға;

20) Тиісті емес сападағы тауарды немесе жиынтықты жеткізген жағдайда 10 (он) күнтізбелік күн ішінде тиісті сапалы тауарға немесе жиынтыққа ауыстырылуын жүзеге асыруға;

21) Әскери бөлім (мекеме) аймағына кіргенде қызметкерлер белгіленген үлгідегі рұқсат қағазын алуға міндетті, бақылау-өткізу пункті бойынша кезекшісіне әскери бөлімінің (мекеменің) тізімі бойынша көрсетілген тыйым салынған заттарды, соның ішінде ұялы телефондарды, смарт-сағат (smart-watch), ақпарат тасушы машиналарды (флеш-жинаушы, дискілер және т.б.) тапсыруға міндетті;

22) Тауарды бөлшектеп не толық көлемде жеткізуге мүмкіндік болмаған жағдайда немесе Қабылдаушымен тауарды қабылдамағанда дереу оның себептері көрсетілген жазбаша түрде 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде факсимильді байланыс арқылы, алдағы уақытта құжаттың түпнұсқасын, растайтын құжаттарды қосымша жолдау арқылы Тапсырыс берушіні хабарландыруға;

23) Әскери бөлімнің (мекеменің) өткізу тәртібін және әскери бөлім (мекеме) аумағына келу-кету талаптарын сақтауға;

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3-1) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

3-2) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-4-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;



4) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

5) Тапсырыс беруші тауарды қабылдау-беру актісін тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізу пунктте тапсырыс берушінің номенклатура, фактілі қолда бары және қабылданатын мүліктің (қабылданатын қызметтің (жұмыстың) сапасына толық жауапты болып табылатын өкілімен ұсынылған құжаттар негізінде бекітеді.

6) Қабылдаушы атынан осы Шартпен анықталған жеткізілген Тауардың көлемі (саны) және де шарттың 3.1.т 17 т. көрсетілген құжаттардың негізінде Тауарды қабылдайды және Өнім берушіге жеткізілген Тауарды растайтын құжаттарды береді (Тауарды қабылдау актісі, шот-фактура, салыстыру актісі, және басқа құжаттар);

7) Қабылдаушы атынан осы Шарттың талаптарына сәйкес, жеткізілген Тауарды қабылдауды қамтамасыз ететін, барлық қажетті әрекеттерді жасауға; 8) Егер Қабылдаушыдан қабылдау барысында анықталған жеткізілген Тауардың сапасы мен саны бойынша кемшіліктер мен ақаулықтары туралы хабарландыру алған жағдайда, Өнім берушіден тиісті сападағы Тауарды жеткізуді талап етуге; 9) Қабылдаушы атынан Өнім берушімен Тауарлардың жеткізілу мерзімдерін үзу (бұзу) немесе толық жеткізбеу фактілері бойынша 3 (үш) жұмыс күн ішінде Тапсырыс берушіні хабарландырады; 10) Тауарды жеткізу мерзіміне бақылау жүргізуге; 11) Қабылдаушы атынан 3 (үш) жұмыс күн ішінде жеткізілген Тауарды куәландыратын құжаттарды (Тауарды қабылдау актісі 2-дана, шот-фактура 2-дана, салыстыру актісі 4-дана) төлем үшін Тапсырыс берушінің мекен-жайына жолдауға; 12) Қабылдаушы атынан жеткізілген Тауарды Шартта көрсетілген мерзімде жеткізген жағдайда 1 (бір) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушінің мекен-жайына Тауардың жеткізілуі туралы жазбаша растау жолдайды; 13) Шарт бұзу кезінде Өнім берушіге хабарлама жолдаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде, Қабылдаушыға бұзу туралы хабарламаның көшірмесін жолдауға; 14) Өнім беруші шартты орындау талаптарын бұзған жағдайда шағым-талап жұмысын ұйымдастыруға; 15) Тапсырыс беруші тауарды қабылдау-беру актісін тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізу пунктте тапсырыс берушінің номенклатура, фактілі қолда бары және қабылданатын мүліктің (қабылданатын қызметтің (жұмыстың) сапасына толық жауапты болып табылатын өкілімен ұсынылған құжаттар негізінде бекітеді. 16) Тиісті емес сападағы Тауарларды жеткізгенде Қабылдаушы тапсырыс берушінің өкілі ретінде үш күнтізбелік күн ішінде Өнім берушіні таныстыра отырып, анықталған кемшіліктер туралы 3 (үш) данада акт жасауы қажет. Көрсетілген актілердің бір данасы жасаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушінің, екіншісін Өнім берушінің мекен-жайына жолдану қажет. Өнім беруші актімен келіспеген (қол қоюдан бас тартқан) жағдайда, үш данада келіспеушілік (бас тарту туралы) актісі жасалады бір данасы Тапсырыс берушінің, екіншісін Өнім берушінің мекен-жайына жолданады;

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші



көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) жүкқұжат түпнұсқасы 4 (төрт);

2) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

3) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

4) Дайындаушының немесе Жеткізушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты

5) Егер Тауар Қазақстанда шығарылған жағдайда, онда белгіленген үлгіде «СТ-KZ» Тауардың шығарылуы туралы сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі беріледі.

Егер Тауар шетелде шығарылған болса, онда шығарған елдің тиісті органы белгілеген тәртіппен берген Тауардың шығуы туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе нотариалды расталған көшірмесі беріледі.



5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

5.5 Егер Тауар Қазақстанда шығарылған жағдайда, онда белгіленген үлгіде түпнұсқа немесе көшірме не уәкілетті ұйым бекіткен «СТ-KZ» тауардың шығарылуы туралы сертификат немесе Сәйкестік сертификаты / белгіленген тәртіпте берілген Тауар сәйкестігі туралы декларация беріледі. Егер Тауар шетелде шығарылған болса, онда түпнұсқасы немесе белгіленген тәртіпте шығарылған елінің тиісті органы берген Тауардың шығуы туралы тиісті сертификаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі беріледі. Осы тармақшаның талаптары мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға таратылады, оның құны республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген бесжүз айлық есептік көрсеткіштен асады.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше



орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды

7.9 Шағым-талап жолданған шағым-талапта көрсетілген мерзім ішінде қаралуы тиіс;
7.10 Өнім берушімен жіберілген талапта көрсетілген мерзім ішінде төлем жасалмаған жағдайда және/немесе сот шешімі күшіне енгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күн ішінде, Тапсырыс беруші шартты қамтамасыз ету сомасын ұстап қалады және тұрақсыздықты өндіреді. 7.11 Шарттық міндеттемелердің бұзылуы жағдайында, Тапсырыс беруші Өнім берушіге жазбаша түрде шағым-талап жолдайды; 7.12 Ұсынылған талаптан бас тартқан жағдайда Өнім беруші мұндай бас тартудың жағдайларын көрсетумен уәждемелік қарсылықты ұсынуы керек;

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары



8.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2019-12-02 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді соманы енгізбеу жолымен Шарт жасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.



10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 . Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта жеткізілген Тауарлардың бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде. Жасалған шартты осындай өзгертуге осы мемлекеттік сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

2) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған жеткізілетін тауардың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда

3) Тауарлардың бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша;

4) егер Өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда Тауар жеткізу туралы шарттың орындалу мерзімі өзгерген бкөлігінде рұқсат беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың



жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

12.7 12.7 Осы Шарттың тараптарының екі жақты келісімімен шешілмейтін шағымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Астана қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шешіледі. 12.8 Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізу базаларындағы әскери бөлімдердің басшылары немесе олардың орын басатын тұлғалар Тапсырыс берушінің өкілі болып саналады; 12.9 Дәрілік заттардың, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың таңбалануы, тұтыну қаптамасы және қолдану жөніндегі нұсқаулықтары Кодекстің талаптарына және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес келеді; 12.10 Дәрілік заттар, препараттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар уәкілетті орган бекіткен дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сақтау және тасымалдау қағидаларына сәйкес олардың қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасының сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда сақталады және тасымалданады. 12.11 Медициналық қолдану нұсқаулығы мемлекеттік және орыс тілінде болуы қажет. 12.12 Тапсырыс берушіге өнім берушінің жеткізу күніне дәрілік заттардың, профилактикалық препараттардың (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) және медициналық мақсаттағы бұйымдардың жарамдылық мерзімі: қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімінен кемінде елу пайызды (жарамдылық мерзімі екі жылдан аз болса); қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімінен кемінде он екі айды (жарамдылық мерзімі екі жыл және одан көп болса) құрайды.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс
Министрлігінің "47558 әскери бөлімі"
республикалық мемлекеттік мекемесі
г.Нур-Султан, район "Алматы", Манаса 15
БСН 040340012010
БСК ККМФКZ2A
ЖСК KZ92070101KSN0000000
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық
Комитеті" РММ
Тел.: 8 (7172) 721952
Басшысының орынбасары Аяпергенов
Адамат Нигаметович

Өнім беруші:

"INKAR" Жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі
г.Алматы, СЕЙФУЛИНА, д. 404/67/9
БСН/ЖСН 990140004337
БСК КСJBKZKX
ЖСК KZ288560000000005600
"Банк ЦентрКредит" АҚ
Тел.: 3884475
Бас директор Еримбетова Алия
Джайдаковна

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК - банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;



ҚҚС - қосылған құн салығы;
Т.А.Ө. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 3651479-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
008--142 : Дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы өзге де бұйымдарды сатып алу						Дәрілік заттар сатып алу						
27770222-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "47558 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Дезлоратадин	таблеткалар	таблетка 5 мг № 10	Бума	890	550.00	30 қараша	30 қараша	Алматы облысы, Қапшағай қ. Қапшағай (890)	0	489 500.00
27770235-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "47558 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Изоконазол	крем	крем 1% 20 г	Бума	2365	2 920.00	30 қараша	30 қараша	Алматы облысы, Қапшағай қ. Қапшағай (2365)	0	6 905 800.00



27770208-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "47558 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Нафтифин гидрохлориді	крем	крем 1% 30 г	Бума	2057	3 340.00	30 қараша	30 қараша	Алматы облысы, Қапшағай қ. Қапшағай (2057)	0	6 870 380.00
27770190-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "47558 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Толғақшөп, сүйентамыр дәрілік тамыр, гүлшетен жапырақтары	таблеткалар	таблетки, покрытые оболочкой № 60	Бума	1595	2 280.00	30 қараша	30 қараша	Алматы облысы, Қапшағай қ. Қапшағай (1595)	0	3 636 600.00
27770211-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "47558 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Винпоцетин	ерітінді	раствор для инъекций 0,5% 2 мл № 10	Бума	2251	2 230.00	30 қараша	30 қараша	Алматы облысы, Қапшағай қ. Қапшағай (2251)	0	5 019 730.00
27770203-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "47558 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Этофенамат	гель	гель 40,0	Бума	2045	1 080.00	30 қараша	30 қараша	Алматы облысы, Қапшағай қ. Қапшағай (2045)	0	2 208 600.00



27770243-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "47558 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Простата сығындысы	суппозиториялар	суппозитории ректальные 10 мг № 10	Бума	2110	3 970.00	30 қараша	30 қараша	Алматы облысы, Қапшағай қ. Қапшағай (2110)	0	8 376 700.00
27770244-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "47558 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Простата сығындысы, ломефлоксацин гидрохлориді	суппозиториялар	суппозитории ректальные № 10	Бума	865	8 860.00	30 қараша	30 қараша	Алматы облысы, Қапшағай қ. Қапшағай (865)	0	7 663 900.00
27770192-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "47558 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Полидәрумендер	таблеткалар	таблетки № 30	Бума	3458	700.00	30 қараша	30 қараша	Алматы облысы, Қапшағай қ. Қапшағай (3458)	0	2 420 600.00
27770212-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "47558 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Азелаин қышқылы	гель	гель 15% 15 г	Бума	592	950.00	30 қараша	30 қараша	Алматы облысы, Қапшағай қ. Қапшағай (592)	0	562 400.00



27770228-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "47558 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Ципрофлоксацин, дексаметазон	тамшылар	Капли глазные и ушные 5 мл	Құты	2892	1 380.00	30 қараша	30 қараша	Алматы облысы, Қапшағай қ. Қапшағай (2892)	0	3 990 960.00
27770234-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "47558 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Глюкозамина гидрохлорид, хондроитина сульфат	таблеткалар	таблетки № 60	Бума	852	4 550.00	30 қараша	30 қараша	Алматы облысы, Қапшағай қ. Қапшағай (852)	0	3 876 600.00
27770236-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "47558 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Лебенин ұнтақ	капсулалар	капсулы № 16	Бума	5939	1 540.00	30 қараша	30 қараша	Алматы облысы, Қапшағай қ. Қапшағай (5939)	0	9 146 060.00
27770198-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "47558 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Триметазидин	таблеткалар	таблетки 35 мг № 60	Бума	496	1 680.00	30 қараша	30 қараша	Алматы облысы, Қапшағай қ. Қапшағай (496)	0	833 280.00



27770209-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "47558 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Мельдоний	капсулалар	капсулы 500 мг № 60	Бума	828	2 550.00	30 қараша	30 қараша	Алматы облысы, Қапшағай қ. Қапшағай (828)	0	2 111 400.00
27770193-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "47558 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Полидәрумендер	драже	драже № 40	Бума	2157	810.00	30 қараша	30 қараша	Алматы облысы, Қапшағай қ. Қапшағай (2157)	0	1 747 170.00
27770213-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "47558 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Лидокаин гидрохлорид, гүлдер экстрактісінің түймедағы	гель	гель 10,0	Бума	2568	1 640.00	30 қараша	30 қараша	Алматы облысы, Қапшағай қ. Қапшағай (2568)	0	4 211 520.00
27770232-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "47558 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Ақжелкен тамыры қоспасының сіріндісі, бедебас тұқымы, құс оты шөбі, тамыр сабақ бидайық, қайың жапырақтары, дала қырықбуыны, сүйментамыр тамырлары, алтыншыбық, түйінді қауызды пияз, жұпар шатыраш майы, ащы жалбыз майы, қарағай майы, апельсин майы	паста	паста 100,0	Бума	2030	1 300.00	30 қараша	30 қараша	Алматы облысы, Қапшағай қ. Қапшағай (2030)	0	2 639 000.00



Договор о государственных закупках товаров

г.Нур-Султан

№1258-ГВМУ

Республиканское государственное учреждение "Войсковая часть 47558" Министерства обороны Республики Казахстан, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Заместитель руководителя Аяпергенов Адамат Нигаметович, действующий на основании доверенности № 36/365 от 14.01.2019 года, с одной стороны и "INKAR" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Генеральный директор Еримбетова Алия Джайдаковна, действующий на основании Устава, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Запрос ценовых предложений» от 2019-09-26 года № 3651479-ЗЦП1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору: по специфике 008--142 Приобретение лекарственных средств;

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень закупаемых товаров (Приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

2.1 Общая сумма Договора определяется Приложением № 1 к Договору и составляет 72 710 200.00 (семьдесят два миллиона семьсот десять тысяч двести тенге ноль тиын) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, без НДС (далее - сумма Договора).

